

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/JWNE6227>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.35.05

<https://doi.org/10.48081/VGGL3726>

***А. Б. Ерментаев¹, Е. Н. Қаржаубай², Ж. О. небесаева³,
Г. Ж. Самтар⁴, Г. Б. Курмангазина (Кодекова)⁵**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ;

^{2,3,4}Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

⁵Торайгыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-8694-5599>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1848-419X>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4358-3923>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6274-8602>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6045-1909>

*e-mail: aian.2206@mail.ru

РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР-БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ

Мақалада рухани адамгершілік құндылықтар болашақ мамандарды жетілдірудің маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылған. Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік, этникалық, діни және мәдени жағдайында рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбие беру мемлекеттік білім беру саясатының маңызды басымдылығына айналды. Елді жаңғыртудың негізгі факторы білім беру ұлттық келісімнің, қоғамның имандылығының, тұлғаның рухани бай болуы мен соның негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін нығайтудың кепілі болуды көздейді. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы – әлеуметтену процесінде жүзеге асырылатын жеке тұлғаның құндылық-семантикалық саласының дәйекті түрде кеңеюі мен нығаюы, адамның дәстүрлі адамгершілік негізінде бағалау және саналы түрде өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, мемлекетке, Отанға, жалпы әлемге деген қатынасының нормалары мен адамгершілік идеалдарды құру қабілетінің қалыптасуымен сипатталады. Осы ретте біз өз мақаламызда болашақ мамандарды

жетілдірудің маңызды көрсеткіші ретінде – рухани адамгершілік құндылықтар мәселесін жан-жақты қарастыруға әрекет жасадық. Зерттеу жұмысы барысында болашақ әлеуметтік педагогтардың рухани-адамгершілік құндылықтарын анықтау мақсатында М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесі мен қосымша сұрақтар қолданылды. Алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасалды. Осылайша, рухани-адамгершілік құндылықтар болашақ мамандарды жетілдіруде білім беру жүйесінің әлеуметтік тапсырысының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Кілтті сөздер: рухани құндылықтар, адамгершілік, құндылық, адамгершілік құндылықтар, маман, болашақ маман, көрсеткіш.

Кіріспе

Қазақстандық қоғамның бірлігі әртүрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ болып саналатын дәстүр мен рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы анықталады. Мұндағы білім беру қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі өсуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан құндылықтарының қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қарастырылады. Мұндағы қызметтер өз кезегінде білім алушыларды азаматтылыққа, рухани адамгершілік құндылықтарға бай етіп қалыптастыруды қоғам алдында міндеттеп отыр.

«Кәсіптік білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағдарлауға тиіспіз», – деп Президент Қ. К.Тоқаевтың Жолдауында - білім беру мекемелерінде, болашақ мамандарды дайындаудағы басты басымдылықтың сапалылыққа негіздеуде екені аңғарылады [2]. Болашақ мамандардың, соның ішінде әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекеті рухани адамгершілік құндылықтарға негізделіп, олардың жоғары білікті маман болуы, көптілді меңгеруі, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерлігі мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне аса зор мән берілген.

Рухани-адамгершілік құндылық мәселесі ежелден келе жатқан өзекті тақырыптың бірі. Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра Мемлекеттік бағдарламасы» [3], «Мәңгілік Ел – қазақ елінің жалпы ұлттық идеясы»

[4], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауындағы [5] ұлттық идеялардың біріктірілуі халқымыздың рухани тәжірибесіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызын тереңнен айқындай түскен. Жалпы қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбие беру, оқыту тағылымдарының маңыздылығы ерекше. Рухани-адамгершілік құндылықтар қазіргі заманғы білім беру мен оқыту жүйесінің басты міндеті болып табылады десек, артық айтпаған болар едік.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – бұл олардың мәдени, әлеуметтік, адами мәнін көрсететін, саналы іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттейтін, оларға адамгершілік сипат беретін және оны мақсатқа жетуге бағыттайтын құндылық бағдарларының жүйесін құраушы элементі болып табылатын жеке тұлғаның көзқарастарының жиынтығы, ал оны болашақ мамандарды жетілдірудің маңызды көрсеткіші ретінде қарастыруды біз жөн көріп отырмыз.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды талдау, ең алдымен, «құндылық» ұғымының өзін теориялық негізін түсінуден бастау керек. Құндылықтар, соның ішінде рухани-адамгершілік, мәдениетті, оның ішінде күнделікті өмір деңгейінде талдаудың іргелі негізі болып табылады, өйткені күнделікті тәжірибе құндылықтар жиынтығымен анықталады. Құндысы – күнделікті өмірді толтыратын нәрсе, өмір әлемі неден тұрады. Макс Вебер көзқарасы бойынша құндылықтардың, белсенділік мотивтерінің және мінез-құлық түрлерінің өзгеруімен қоғамның өзгеруіне әкеледі [6].

Рухани-адамгершілік құндылықтар философиялық және аксиологиялық талдауға жатады, өйткені олар дүниетанымның мәнді контурында өрілген. Сондықтан «руханилық», «құндылық» ұғымдарын теориялық тұрғыдан түсіну маңызды. Сонымен, жалпы руханилық – адамның өте күрделі, көп өлшемді қасиеті, ол: а) адами биік мұраттар мен құндылықтарға көтерілу процесі; б) қарама-қарсы принциптерді (интеллектуалдық және эмоционалдық, материалдық және идеалды, ұтымды және иррационалдық) үйлестіру процесі; в) адамға шығармашылық шабытты сезінуге, шындықты түсінуге, өзінің табиғи әлеммен бірлігін түсінуге, сүйіспеншілік күйі және басқа да жоғары адами сезімдерге мүмкіндік беретін психикалық күй; г) отбасында, білім беру ошақтарында, достарымен, мұғалімдерімен, кез келген адаммен қарым-қатынасты үйлестіруші ретінде; д) адамгершілік пен адами қасиеттердің ең жоғарғы көрінісі: адамгершілік, мейірімділік, ар-ұят, сүйіспеншілік және т.с.с қасиеттер ретінде сипатталады. Ал адамгершілікке келсек, А.Швейтцер өзінің ғылыми еңбегінде: «Шындықты қалыптастыратын күштердің ішінде мораль бірінші орында» дейді [7]. П. А.Кропоткин болса адамгершілік генетикалық түрде адам табиғатына

енген және дамуға да, деградацияға да бейім болатын қасиет. П. А. Кропоткин бойынша «адамгершілік»– адамның өз бойындағы қадір-қа сиегін сезіну, оның өсиетіне сай өмір сүруге деген ұмтылысы» – дейді [8]. Осы ретте руханилық – құндылықтар, дәстүрлер мен мәдениеттің қайнар көздері бар қоғамды біріктіруші күш екенін атап өткен жөн. Ар – адам санасына проекциясы. Сонымен, болашақ ұрпақ мәдениетінің рухани-адамгершілік құрамдас бөлігін қалыптастыру оқу үдерісі барысында жүзеге асырылуы тиіс.

«Құндылықтар» және «құндылық бағдарлар» ұғымдары философия, әлеуметтану және психологияның қиылысында пайда болды. Бұл құбылыстар туралы ғылыми ойлар мен білімдердің дамуының бастауында Э. Дюркгейм, М. Вебер, Н. А. Бердяев, В. Томас және Ф. Знанецки, К. Клюкхон, Г. Олпорт, К. Роджерс, А. Маслоу және т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алды [9].

Рухани-адамгершілік құндылықтар және оның тәрбиемен, біліммен сабақтастығы әрқашан қоғамның назарында болған. Бұл мәселе туралы ой-пікірлерді К. Д. Ушинский, Я. А. Коменский, Ш. А. Амонашвили сынды ұлы педагогтардың еңбегімен қатар, қазақ ойшылдары Қорқыт атадан бастау алып, орта ғасыр ойшылдарының шығармаларымен, дала данышпан жырауларының поэзиясымен, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ұлы ағартушылардың шығармаларымен аяқталатын Орхон жазуының ескерткіштерінде келтірілген [10]. Аталмыш еңбектерде адамның рухани-адамгершілік құндылықтарын жетілдіру жолында тынымсыз еңбек еткендігінің бір ғана мысалы.

М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, А. Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы, С.Торайғырұлы өздерінің жазбаларында ең алдымен қоғамды құрайтын адамдардың құндылық бағдарлары мен санасы, дүниетанымы мен имандылық көзқарасын, мінез-құлық ерекшеліктеріндегі адамгершілік қасиеттердің қалыптасуын сөз еткен [11].

Бірқатар ғалымдар, В. А. Сухомлинский, И. Ф. Харламов, Л. А. Регуш адамгершілік тәрбие мәселесін зерттеген. Олар өз зерттеулерінде моральдік мінез-құлықты бағалау мен өзін-өзі қалыптастыру, дамыту мәселесін қарастырған. Мәселен, В. А. Сухомлинский «рухани-адамгершілік нанымдардың негізі - балалық шақта, жақсылық пен жамандықты баланың түсінігі болған жағдайда қалыптасады деген» пікірді алға тартқан [12].

А. А. Калужный [13] тұтас педагогикалық үдерістегі білім алушыларды адамгершілік тәрбие негізінде даярлау теориясы мен практикасын ұсынса, Л. А. Байсеркеев [14] жасөспірім шақтағы адамгершілік тәрбие мен құқықтық тәрбиенің өзара байланысының теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын талдап, әлеуметтік жағдайға сәйкес жасөспірімдерді адамгершілік-құқықтық негізде тәрбиелеу жүйесін айқындаған.

Рухани құндылықтарды зерттеу адамның ішкі әлемінің маңызды құрамдас бөліктері болып табылатынын және адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне түрлі әсер ететінін көрсетеді. Мәселен, орыс психологі С. Л. Рубинштейн «адам мінез-құлқының негізін құрайтын көрсеткіш – адамгершіліктің дамуы» деп түсіндіреді [15].

Педагогика ғылымында рухани-адамгершілік құндылықтар мәселелерін ресейлік ғалымдар П. Ф. Каптерев, А. С.Макаренко, В. А.Сухомлинский, Н. Е. Щуркова, аксиологиялық тұғырда М. С.Мацковский, Е. В. Горбунова, қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, К.М.Төлеубаева, Қ. Т. Әтемова, Қ. Ғ. Жүнісова-Елшібаева, С. С.Қоңырбаева, А. Е.Манкеш зерттесе, тәрбиені ұйымдастыруда қазақтың халықтық педагогикасының материалдарын пайдалану туралы С.Ғаббасов, Г. И. Сейлхан, Е. С. Коянғалиев, Т. С. Сламбекова, А. А.Таутенбаева, рухани-адамгершілік құндылықтар негізін Р.К.Төлеубекова, құндылық бағдар мәселелерін Г. Қ. Нұрғалиева қарастырған.

Ал, білім және ғылым саласында әртүрлі саладағы мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселелерін А.Б.Бекманова, Б. Құрманалина, С.Жолдасбекова, Б. А.Әбдікәрімова, К. Қ.Жампейсова, Г.Ж.Меңлібекова, Л.В.Никитенкова, Н.Н.Хан, Ш.Н.Абенова, М.И.Есенова, М.Б.Мұқашева, Г.К.Құлжанбекова және т.б. ғалымдар зерттеген.

Білім–қазіргі қоғамның рухани жаңғыруына, ұрпақтар сабақтастығына, патриоттық тәрбие мен рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға жауапты бірегей мәдени құбылыс.

2021 жылдың 12 қазанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы [16] мен ҚР ғылымын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының [17] басты мақсаты: «Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру» деп анықталған. 2021 жылдың 15 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының басты мақсаты: «Ұлттық мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени өнімдерді ынталандыру, олардың сапасы мен әр алуандығын арттыру арқылы әрбір қазақстандықтың көркемдік-шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» көзделген [18]. Осы ретте қазіргі білім беру ошақтарында рухани-адамгершілік құндылықтарды негізге ала отырып, болашақ ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуде қолданудың тиімділігі күннен күнге артып келе жатқандығы қоғам сұранысына сай жүзеге асырылуды да қарастыруы қажет.

Қазіргі университеттік білім беруде рухани-адамгершілік құндылықтарды сабақтастыра отырып оқыту, болашақ мамандарды жетілдіру маңызды болып табылады. Мәселен, оқыту үдерісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы жас маманның рухани өсуіне жағдай жасай аламыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды тұлғаның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады. Адамның жақсылыққа ұмтылуы, ақиқатқа жүгінуі оның болмысынан ішкі жан дүниесінде бес құндылықтың бар екенінің дәлелі емес пе? Егер осы құндылықтарды ағашқа теңеп көрсек, ағаштың тамыры – мәңгілік құндылықтар, оны ақиқатқа теңейміз. Ағашқа құятын суды, сүйіспеншілік деп алайық. Егер мәңгілік құндылықтарды, ақиқатты, сүйіспеншілікпен түсінсек, әрі суарсақ, әрқашан әрекетіміз дұрыс болары сөзссіз. Яғни, ағаштың діні түзу өседі. Әрекетіміз дұрыс болса, ішімізде тыныштық орнайды. Яғни, ағаш бүршік жарады. Ішімізде тыныштық орнаса, біз ешқашан қиянат жасамаймыз, тіпті ойламаймыз да. Яғни ағаш жемісін береді. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау - бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс. Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, яғни, ата, әжелеріміздің даналығы. Бүгінгі таңда рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген білім әлемге ауадай қажет екендігі баршамызға мәлім.

Материалдар мен әдістер

Болашақ мамандарды жетілдірудің маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылған рухани адамгершілік құндылықтарды зерттеу мақсатында біз М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесі мен қосымша сауалнама алынды [19].

Зерттеу мақсаты – жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын анықтау. Зерттеу жұмысына Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика мамандығының 1,4 курс студенттері қатысты. Зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жүргізіліп, алынған нәтижелер кестелер мен суреттер арқылы көрсетілді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмысы барысында болашақ әлеуметтік педагогтардың рухани-адамгершілік құндылық бағдарларын анықтау барысында М.И.Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесі арқылы зерттелді [17].

Әдістеме 5 негізгі рухани-адамгершілік құндылықтарды қамтыды, атап айтқанда:

1 Қоғамға, патриотизмге деген қатынасы.

2 Ой еңбегіне қатынасы.

3 Физикалық еңбекке қатынасы.

4 Адамдарға (тұлғаның адамгершілік сапаларының көрінуіне қарай) қатынасы.

5 Тұлғаның өзін-өзі реттеуі.

Жоғарыда аталған 5 шәкіл негізінде алынған нәтижелерге келетін болсақ, 1 және 4-ші курс студенттерінің рухани-адамгершілік құндылықтарының көрсеткіштерін төмендегі Кесте 1-ден көруге болады:

1-кесте – М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесінің нәтижесі

Рухани-адамгершілік құндылықтар	Денгейлер	1 курс	4 курс
Қоғамға, патриотизмге деген қатынасы	Жоғары	100 %	100 %
Ой еңбегіне қатынасы	Төмен	5 %	-
	Орташа	20 %	10 %
	Жоғары	75 %	90 %
Физикалық еңбекке қатынасы	Өте төмен	10 %	5 %
	Төмен	10 %	5 %
	Орташа	20 %	10 %
	Жоғары	60 %	80 %
Адамдарға (тұлғаның адамгершілік сапаларының көрінуіне қарай) қатынасы	Орташа	25 %	10 %
	Жоғары	75 %	90 %
Тұлғаның өзін-өзі реттеуі	Төмен	15 %	-
	Орташа	20 %	10 %
	Жоғары	65 %	90 %

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес 1,4 курс студенттерінің мәліметтері арасында айырмашылықтар бар екендігін аңғаруға болады. Мәселен, «Ой еңбегіне қатынасы» шәкілі бойынша 1 курс жауаптары төмен – 5 %, орташа – 20 %, жоғары 75 % құраса, 4 курс нәтижесіне сәйкес орташа – 10%, жоғары 90 % құрады. Бұл ретте 1 курсқа келген студенттердің әлі де болса ой еңбегін қажет ететін тапсырмалар мен түрлі жұмыстарды орындауда қиналатындығын, СӨЖ тапсырмаларын орындау, түрлі тапсырмаларды жазудағы қиындықтары бар екендігін қосымша сауалдар арқылы анықтадық. Жалпы алғанда ЖОО білім алу, оны меңгеру ой еңбегін қажет ететіндігі баршамызға мәлім.


«Физикалық еңбекке қатынасы» шәкіліне сәйкес 1 курста өте төмен – 10 %, төмен – 10 %, орташа – 20 %, жоғары 60 % құрады ал 4 курс бойынша өте төмен – 5 %, төмен – 5%, орташа – 10 %, жоғары – 80 % көрсетті. Екі топтың да студенттері арасында физикалық күш-жігерді қажет ететін тапсырмаларды орындауда физикалық денсаулығында, оның ішінде көзге салмақ салмау, дене тәрбиесінен босатылған студенттер бар екендігі екі топта да анықталды.

«Адамдарға (тұлғаның адамгершілік сапаларының көрінуіне қарай) қатынасы» шәкілі бойынша – 1 курста орташа – 25 %, жоғары– 75 %, ал 4 курстарда орташа –10 %, жоғары – 90 % көрсеткішті иемденді. 1 курс студенттері болса жаңа ортаға, ЖОО білім алуға, арман қуып келгендер қатарында әлі де болса қалалық өмірге, оның талаптарына, әлеуметтік ортадағы адамдардың қатынасына әлі де болса үйренісе алмай жатқандығы анықталды. Кез-келген ортада тұлғаның адамгершілік сапаларының көрінуі оның қарым-қатынасы барысында айқын байқалады, әрі соның негізінде ол өз ортасын құрады. Өйткен, әлеуметтік орта әр тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктерін, сапаларын, оңтайлы қарым-қатынасын түзейді, бұл ретте сол арқылы рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

«Тұлғаның өзін-өзі реттеуі» шәкілі бойынша 1 курста төмен- 15 %, орташа-20 %, жоғары 65 % құрады ал 4 курс бойынша орташа – 10 %, жоғары-90 % көрсетті. Екі топтың нәтижесіне көз жүгіртетін болсақ, 1 курс студенттерінің 15 %-да тұлғаның өзін-өзі реттеуі әлі де болса қалыптаспағандығын аңғаруға болады. Өзін-өзі реттеу әлеуметтік талаптарын орындау, ЖОО оқу жүктемесі мен міндеттерін жүзеге асырумен сипатталады. Ал ол жаңа ортаға келген 1 курс студентінен көптеген өзгерістерді басынан кешіруіне себепші болып табылады.

Ал, «Қоғамға, патриотизмге деген қатынасы» шәкіліне сәйкес екі зерттеу тобының респонденттері 100% жоғары көрсеткішке ие болды.

Жоғарыда көрсетілген шәкілдердің жалпы жиынтығына сай, біз «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесінің орташа есеп нәтижесін анықтадық, ол төмендегі Сурет 1-де келтірілген:



1-сурет – М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесінің жалпы қорытындысы

Жоғарыда келтірілген Сурет 1-ден көріп отырғанымыздай М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесінің жалпы қорытындысы бойынша әрбір көрсеткіш деңгейіне келетін болсақ:

Жалпы жиынтық нәтижеге сәйкес «Өте төмен» деңгей анықталмады. (0-ден 10 ұпайға дейін) педагогикалық әсерлердің әсерінен түзетілуі қиын, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеудің дамымаған жағымсыз мінез-құлық тәжірибесімен сипатталатындар.

Төменгі деңгейді көрсеткен 1 курс – 15 %, 4 курс – 5 % студенттер құрады. Бұл (11-ден 20 ұпайға дейін) негізінен ересектердің талаптарымен және басқа да сыртқы ынталандырулармен реттелетін, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру арқылы реттелетін әлсіз, әлі де тұрақсыз мінез-құлық тәжірибесімен сипатталатын студенттер бар екендігі анықталды.

Орташа деңгейді 1 курс – 15 %, 4 курс – 10 % студенттер құрады. Бұл (21-ден 40 ұпайға дейін) белсенді әлеуметтік ұстанымы әлі де қалыптаспаса да тәуелсіздік, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру көріністерімен ерекшеленуімен сипатталатын студенттердің бар екендігін анықтадық.

Жоғары деңгейде 1 курс – 70 %, 4 курс – 85 % студенттер құрады. (31-ден 40 ұпайға дейін) белсенді әлеуметтік және азаматтық ұстанымға негізделген іс-әрекет пен мінез-құлқы тұрақты және оң дербестікпен сипатталатын студенттер қатарының бар екендігін айқындады.

Біздің зерттеу нәтижелерімізге сәйкес, болашақ мамандардың рухани-адамгершілік құндылық бағдарларын анықтау барысында М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесі арқылы

алынған нәтижелердің жалпы қорытындысы бойынша 1 және 4 курс студенттерінің рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына әлеуметтік орта, ЖОО оқу үдерісі, әлеуметтік және азаматтық ұстанымдар, дербестік орасан зор ықпал етеді.

Қорытынды

Теориялық талдау мен зерттеу нәтижелеріне сәйкес болашақ мамандардың рухани-адамгершілік құндылықтарының дамуының маңызды факторы ел дамуы, халықтың рухани бірлігі және оларды біріктіретін рухани-адамгершілік құндылықтар, саяси және экономикалық тұрақтылықтың қамтамасыз етілуімен сипатталады. Теориялық талдау негізінде руханият – әрбір адамның өмір салтын және оның болмысының сапасын анықтайтын өмірлік құндылықтар саласына жататын біріктірілген сапа деп қарастырса, руханилық – материалдық емес құндылықтардың жиынтығы, атап айтқанда: адамгершілік, гуманистік, эстетикалық құндылықтардың бірлігі болып табылатындығын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Ал, болашақ мамандарды жетілдіруде рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту ешқашан құнсызданбайтын жалпы адамзаттық құндылықтар мен әлеуметтік орта әсерінен, ЖОО жағдайының ықпалымен жетілдіруге болатын маңызды көрсеткіш деп атауға болады. Ал, оның негізінде ой-өрісі кең, мәдениетті, адамгершілігі жоғары, рухани құндылықтарды бойына сіңірген болашақ мамандарды қалыптастыруға болары сөзсіз. М. И. Шилованың «Жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары» әдістемесінің жалпы қорытындысы бойынша 1 курс – 70 %, 4 курс – 85 % студенттердің көрсеткіштері жоғары екендігі анықталды.

Авторлардың үлесі Ерментаев А. Б. – болашақ мамандарды жетілдірудегі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасады.

Қаржаубай Е. Н. Небесаева Ж. О. – рухани адамгершілік құндылықтар мәселесіне қатысты әдіснамалық талдаулар жасап, зерттеу тұжырымдамасын негіздеді.

Саттар Г. Ж. Курмангазина Г. Б. – зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сандық және сапалық талдау жасады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [Текст] – 2025. [Электронды ресурс]. – URL: – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487> (Қаралған күні: 02.2025)

2 Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты Жолдауы. – [Текст] – 2025. [Электронды ресурс] URL: <https://primeminister.kz/kz> (қаралған күні: 02.2025)

3 Мәдени Мұра Мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс]. – [Текст] – 2025. URL: – https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=401:m-deni-m-ra-memlekettik-badarlamasy&catid=123&Itemid=556&lang=kz (қаралған күні: 02.2025)

4 Мәңгілік Ел бағдарламасы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру жолдауы. – [Текст] – 2025. [Электронды ресурс]. – URL: – https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (Қаралған күні: 02.2025)

5 Губанихина, Е. В. Формирование профессионально-ценностных ориентаций педагогов в воспитательном пространстве вуза [Текст]. // Приволжский научный вестник. – 2014. – № 8–2 (36). – С. 8–10.

6 Данилюк, А. Я., Кондаков, А. М. Тишков, В. А. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России [Текст]. – М.: Просвещение, – 2009. – 359 с.

7 Кенжаев, Ш. Х. Совершенствование нравственного и профессионального воспитания будущих педагогов [Текст] //Педагогика высшей школы. – 2015. – № 1 (1). – С. 19–21.

8 Куантаева, К. К. Некоторые вопросы нравственного воспитания [Текст]. – К. К. Куантаева. – Алматы. – 2012. – 97 б.

9 Coelho, G., Hanel, P., Johansen, M., & Maio, G. (2021). Mental Representations of Values and Behaviors [Текст]. European Journal of Personality, 1(16), 3–17. – <https://doi.org/10.1177/08902070211034385>

10 Сейтказы, П. Б. Студенттерді тәрбие жұмыстарына дайындаудың кейбір мәселелері [Текст]. // Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары. – 2010. – №1. – 81–87 б. – <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2010-1-1-81>

11 Исследование профессионально-ценностных ориентаций будущих педагогов на этапе высшего образования. //Современные исследования социальных проблем [Текст]. – 2018. – Т.9. №7. – С.140–151. – <http://dx.doi.org/10.12731/2218-7405-2018-7-140-151>

12 Калюжный, А. А. Краткий курс психологии и педагогики [Текст]. Учебное пособие. – М. : Инфра-Инженерия, – 2023. – 292 с.

13 Байсеркеев, Л. А. Нравственные основы правового воспитания школьников [Текст]. – Учебное пособие. – Алматы : Санат, – 1999. – 208 с.

14 **Рубинштейн, С. Л.** Основы общей психологии [Текст]. – Санкт-Петербург, – Москва. – 2019. – 960 с.

15 «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы [Текст]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

16 ҚР ғылымын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Текст]. – [Электронды ресурс]. – [2025. URL: – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336> (Қаралған күні: 02.2025)

17 Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы [Электронды ресурс]. – [Текст]. – 2025. URL: – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724> (қаралған күні: 02.2025)

18 **Шилова, М. И.** Социализация и воспитание ценностей характера детей и молодежи [Текст]. – Красноярск : Краснояр.гос.пед.унив-т им. В. П. Астафьева. – 2013. – 264 с.

References

1 Qazaqstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany. – [Law of the Republic of Qazaqstan On Education] [Text]. – 2025. [Electronic resource]. – URL: – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487> (Data of Access: 02.2025)

2 Qazaqstan Respublikasy Prezidenti K. K.Toqaevtyн Kazakstan halkyna «Syndarly kogamdyk dialog – Qazaqstandagy turaktuluk pen orkendeudin negizi» atty Zholdauy – [Address of the President of the Republic of Qazaqstan K.K. Tokayev to the people of Qazaqstan «Constructive public dialogue is the basis of stability and prosperity in Qazakhstan»] [Text]. – 2025. [Electronic resource]. – URL: – <https://primeminister.kz/kz> (Data of Access: 02.2025)

3 Madeni Mura Memlekettik bagdarlamasy. [Elektrondy resurs]. – [Cultural Heritage State Program] [Text]. – 2025. [Electronic resource]. – URL: – https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=401:m-deni-m-ra-memlekettik-badarlamasy&catid=123&Itemid=556&lang=kz (Data of Access: 02.2025)

4 Mangilik El bagdarlamasy [Mangilik El Program. Orientation to the Future: A Message of Spiritual Renewal] [Text]. [Electronic resource]. – <https://intc.kz/kz/t-rbie-zh-mysy/m-gilik-el.html> Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru // zholdauy [Elektrondy resurs] -2025. URL: - https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (Data of Access: 02.2025)

5 **Gubanihina, E. V.** Formirovanie professional'no-cennostykh orientacij pedagogov v vospitatel'nom prostranstve vuza [Formation of professional and

value orientations of teachers in the educational space of the university] [Text]. // Privolzhskij nauchnyj vestnik. – 2014. № 8-2 (36). – P. 8–10.

6 **Danilyuk, A. Ya., Kondakov, A. M. Tishkov, V. A.** Konceptiya duhovno-nravstvennogo razvitiya i vospitaniya lichnosti grazhdanina Rossii [The concept of spiritual and moral development and education of the personality of a citizen of Russia] [Text]. – M. : Prosveshchenie. – 2009. – 359 s.

7 **Kenzhaev, Sh. H.** Sovershenstvovanie нравstvennogo i professional'nogo vospitaniya budushchih pedagogov [Improving the moral and professional education of future teachers] [Text]. // Pedagogika vysshej shkoly. – 2015. № 1 (1). – S. 19–21.

8 **Kuantaeva, K. K.** Nekotorye voprosy нравstvennogo vospitaniya [Some issues of moral education] [Text]. / K. K. Kuantaeva. – Almaty, – 2012. – 97 p.

9 **Coelho, G., Hanel, P., Johansen, M., & Maio, G.** (2021). Mental Representations of Values and Behaviors. [Mental Representations of Values and Behaviors] [Text]. European Journal of Personality 1(16), 3 –17. – <https://doi.org/10.1177/08902070211034385>

10 **Sejtkazy, P. B.** Studentterdi tarbie zhumustaruna dajyndaudun keibir maseleleri [Some issues in preparing students for educational work] [Text]. // Inzhenerlik grafika zhəne kəsibi bilim problemalary. – 2010. №1. – 81–87 b. <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2010-1-1-81>

11 Issledovanie professional'no-cennostnyh orientacij budushchih pedagogov na etape vysshego obrazovaniya [Research of professional and value orientations of future teachers at the stage of higher education] [Text]: – Sovremennyye issledovaniya social'nyh problem. – 2018. – Vol. 9. – №7. – P.140–151 – <http://dx.doi.org/10.12731/2218-7405-2018-7-140-151>

12 **Kalyuzhnyj, A. A.** Kratkij kurs psihologii i pedagogiki [Brief course in psychology and pedagogy] [Text]: – Uchebnoe posobie. _ Moscow: Infra-Inzheneriya. – 2023. – 292 p.

13 **Bajserkeev, L. A.** Nравstvennyye osnovy pravovogo vospitaniya shkol'nikov [Moral foundations of legal education of schoolchildren] [Text]. Uchebnoe posobie. – Almaty : Sanat, – 1999. – 208 p.

14 **Rubinshtejn, S. L.** Osnovy obshchej psihologii [Fundamentals of General Psychology] [Text]. -Sankt-Peterburg. – 2019. – 960 s.

15 «Bilimdi ult» sapaly bilim beru ulttyk zhobasy [«Educated Nation» national project for quality education] [Text]. [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

16 QR gylymyn damytudyn 2022–2026 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasy. – [Concept of the Development of Science in the Republic of Qazaqstan for

2022–2026] [Text]. – 2025. [Electronic resource]. – URL: – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336> (Data of Access: 02.2025)

17 Qazaqstan Respublikasynyn Ukimetinin qaulysymen bekитilgen «Ulttyk ruhani zhangyru» ulttyk zhobasy [Elektrondy resurs] [The national project National Spiritual Renewal, approved by the resolution of the Government of the Republic of Qazaqstan] [Text]. – 2025. [Electronic resource]. – URL: – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724> (Data of Access: 02.2025)

18 **Shilova, M. I.** Socializaciya i vospitanie cennostej haraktera detej i molodezhi [Socialization and education of character values in children and youth] [Text]. Krasnoyar.gos.ped.univ-t im. V.P.Astaf'eva. – Krasnoyarsk, – 2013. – 264 p.

19.04.25 ж. баспаға түсті.

19.08.25 ж. түзетулерімен түсті.

22.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Ерментәев¹, Е. Н. Каржаубай², Ж. О. Небесаева³,
Г. Ж. Самтар⁴, Г. Б. Курмангазина (Кодекова)⁵

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

^{2,3,4}Южно-Казахстанский педагогический университет
имени О. Жанибекова,
Республика Казахстан, г. Шымкент;

⁵Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 19.04.25.

Поступило с исправлениями 19.08.25.

Принято в печать 22.08.25.

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ КАК ВАЖНЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

В статье рассматриваются духовно-нравственные ценности как важный показатель развития будущих специалистов. В настоящее время образование основанное на духовно-нравственных ценностях в социальных, этнических, религиозных и культурных условиях общества, стало важным приоритетом государственной образовательной политики. Главным фактором модернизации страны является образование, которое призвано стать залогом национального согласия, духовного богатства нравственности

общества и укрепления государственности Республики Казахстан. Духовно-нравственное развитие личности – это последовательное расширение и укрепление ценностно-смысловой сферы личности, реализующееся в процессе социализации, оценки личности на основе традиционной морали, норм и нравственных идеалов. Отношения человека к себе, другим людям, обществу, государству, Родине, миру в целом характеризуется формированием способности творить. При этом в нашей статье мы постарались комплексно рассмотреть вопрос духовно-нравственных ценностей как важного показателя совершенствования будущих специалистов. С целью определения духовно-нравственных ценностей будущих социальных педагогов в ходе исследовательской работы использовалась методика М. И. Шиловой «Духовно-нравственные ценности молодежи» и дополнительные вопросы. Проведен количественный и качественный анализ полученных результатов. Таким образом, духовно-нравственные ценности являются важным индикатором социального заказа системы образования в совершенствовании будущих специалистов.

Ключевые слова: духовные ценности, мораль, ценность, моральные ценности, специалист, будущий специалист, показатель.

*A. B. Yermentaev¹, Y. N. Karzhaubay², Zh. Nebessayeva³,
G. Sattar⁴, G. B. Kurmangazina (Kodekova)⁵

¹Eurasian National University named after L. N. Gumilyov,
Republic of Kazakhstan, Astana;

^{2,3,4}South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov,
Republic of Kazakhstan, Shymkent;

⁵Toraighyrov University Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 19.04.25.

Received in revised form 19.08.25.

Accepted for publication 22.08.25.

SPIRITUAL AND MORAL VALUES AS AN IMPORTANT INDICATOR OF THE TRAINING OF FUTURE SPECIALISTS

The article considers spiritual and moral values as an important indicator of the development of future specialists. Currently, education and training based on spiritual and moral values in the social, ethnic, religious and cultural conditions of society has become an important priority of state

educational policy. The main factor in the modernization of the country is education, which is intended to become the key to national harmony, the spiritual wealth of the morality of society and the strengthening of the statehood of the Republic of Kazakhstan. Spiritual and moral development of the individual is a consistent expansion and strengthening of the value-semantic sphere of the individual, realized in the process of socialization, assessment of the individual on the basis of traditional morality, norms and moral ideals. A person's relationship to himself, other people, society, the state, the Motherland, and the world as a whole is characterized by the formation of the ability to create. At the same time, in our article we tried to comprehensively consider the issue of spiritual and moral values as an important indicator of the improvement of future specialists. In order to determine the spiritual and moral values of future social educators, the methodology of M. I. was used during the research work. Shilov "Spiritual and moral values of youth" and additional questions. A quantitative and qualitative analysis of the results obtained was carried out. Thus, spiritual and moral values are an important indicator of the social order of the education system in improving future specialists.

Key words: spiritual values, morality, value, moral values, specialist, future specialist, indicator.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,19 Kb RAM

Шартты баспа табағы 35,56.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4441

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

4,19 Kb RAM

Усл.п.л. 35,56. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4441

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz